Қаражалдың мәдени өміріндегі әрбір елеулі жетістік пен толағай табыстың астарында осы бір қайраткер жанның қажырлы еңбегі мен ұйқысыз түндері жатыр. Ол мәдениетті жай ғана қызмет емес, ұлттың ертеңін қалыптастыратын қасиетті миссия ретінде қабылдап, соған жан-тәнімен берілді. Өзінің бай тәжірибесі мен білімін кейінгі толқынға мұра етіп қалдырған Айман Нұрғалиқызының есімі бүгінде құрмет пен ілтипаттың ең биік сатысында тұр. Осындай асыл ана, білікті басшы және адал еңбек адамының өмір жолы – мемлекетіміздің мәдени әлеуетін көтеруге ұмтылған әрбір азамат үшін таптырмас темірқазық.

Айман Нұрғалиқызының шығармашылық зертханасынан шыққан әрбір жоба – халықтың жүрегіне жол тартқан асыл мұра. «Қызғалдақ-көктем» байқауы арқылы талай жас өнерпаздың қанатын қатайтса, «Мәдениет халық университеті» арқылы жұмысшы қауым мен зиялы қауымның эстетикалық талғамын биіктетті. Төрт факультеттен тұратын бұл бірегей оқу ордасында хор факультетін басқарып, өнердің құдіретін паш етті. Ұлттаралық татулықтың дәнекері болып, көрістің «Чебига» бірлестігі мен армянның «Аястан» би ұжымының құрылуына мұрындық болуы – оның кеңпейіл болмысының көрінісі еді. Сондай-ақ, «Қаражал – тағдырым менің» атты ретро-фестивальдері мен «Екі жұлдыз» секілді мега-жобалары шаһар өміріне жаңа серпін берді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен режиссерлік көрегендігінің арқасында өткізілген мыңдаған іс-шаралар халықтың жадында өшпес із қалдырып, оны «мәдениет майталманы» деген атаққа лайық етті.

Еңбектің наны тәтті, абыройы биік. 43 жылдық қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан «Еңбек ардагері» медалімен, көптеген Құрмет грамоталарымен айықталды. Бірақ, ол үшін ең биік марапат – халықтың ықыласы мен шәкірттерінің алғысы. Өмірдің мәнін еңбектен ғана емес, отбасының берекесінен де тапқан ол – жары Жанат Оспанбековпен бірге саналы ұрпақ тәрбиелеп, бүгінде төрт баланың аяулы анасы, он бір немере, екі шөберенің мейірімді әжесі, әулеттің алтын діңгегі болып отыр. Айман Нұрғалиқызының ғұмыры – адал еңбектің, өнерге деген шексіз махаббаттың және туған жерге деген перзенттік сүйіспеншіліктің жарқын дастаны. Оның салған соқпағы мен жаққан шырағы кейінгі толқын үшін мәңгілік бағдаршам, сарқылмас рухани қазына болып қала бермек. Мәдениеттің мерейін үстем еткен осындай тұлғалар барда, ұлт руханиятының көші ешқашан тоқырамайды.

Білім ошақтарында

Балабақша – бұл тек ғимарат емес, бұл ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтардың алғашқы әлеуметтік ортасы. Жуырда біз қаламыздағы іргелі білім ұяларының бірі – «Балбөбек» балабақшасына арнайы барып, мекеменің тынысымен таныстық. Меңгерушінің міндетін атқарушы Ұлжан Самановамен болған ашық сұхбат балабақшаның бүгінгі тынысы мен болашақ жоспарларын тереңірек ұғынуға мүмкіндік берді.



«Балбөбек» – бақытты балалық шақ мекені

Сұхбат барысында байқағанымыз, «Балбөбек» ұжымы тек құрғақ оқу бағдарламасымен шектелмейді. Ұлжан Шубайқызының айтуынша, қазіргі таңда «Адал азамат – біртұтас тәрбие» тұжырымдамасы негізге алынған.

– Ұлжан Шубайқызы, өзгемізді балабақшаның бүгінгі жай-күйінен бастасақ. Мекемеде қанша бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр?

– Қазіргі таңда бізде барлығы 11 топ жұмыс істейді. Оның жетеуі қазақ тілді, үшеуі орыс тілді топтар. Бала санына тоқталсақ, кіші топтарда 20 баладан, ал ересек топтарда 25 баладан жинақталған. Жалпы сыйымдылығымыз 260 балаға лайықталған, бірақ, инклюзияны қажет ететін, ерекше білім беруді талап ететін бүлдіршіндеріміз болғандықтан, қазіргі уақытта 259 баланы қабылдап отырмыз. Олардың жайлылығы мен сапалы тәрбие алуы — біз үшін басты назарда.

– Балабақшадағы инклюзивті білім беру мәселесі жайлы не айтар едіңіз?

– Логопед пен психолог әр баламен жеке жұмыс істеп, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуін қадағалайды. Ерекше балалардың жалпы топтарда тәрбиеленуі олардың оқшауланбауына, ал өзге балалардың мейірімді болып өсуіне септігін тигізеді.

– Қазіргі таңда оқыту үдерісінде қандай әдіс-тәсілдерге басымдық бересіздер?

– Біз «Адал азамат — біртұтас тәрбие» тұжырымдамасы аясында жұмыс істейміз. Басты ұстанымымыз — ұлттық құндылықтарды баланың санасына кішкентайынан сіңіру. Мысалы, «Ханталапай» сияқты ұлттық ойындар арқылы баланы ептілікке, логикалық ойлауға баулимыз. Сонымен қатар, бізде ата-аналармен жұмыс өте белсенді: «Жас ата-аналар мектебі», «Әкелер мектебі» және «Әжелер мектебі» жұмыс істейді. Биылғы желтоқсан айында осы бағытта үлкен семинарлар өткізуді жоспарлап отырмыз.

– Ата-аналарды ең көп мазалайтын сауал — кезек мәселесі. Биыл жаңадан қанша бала қабылданады?

– Бұл мәселені Білім бөлімі тікелей қадағалайды. Биыл 4 топ түлеп ұшады, олардың орнына 80 бүлдіршінді қабылдаймыз. Бос орындар туралы ақпарат тек «Indigo» порталында жарияланады. Ата-аналар жеке кабинеті арқылы бос орындарды бақылай алады, басқа әлеуметтік желілерде бұл туралы ақпарат салынбайды. Ал жеңілдікпен қабылданып отырғандар қатарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің, көпбалалы отбасылардың және медицина мамандарының балалары бар.

– Балабақшадағы қауіпсіздік жүйесі туралы не айтасыз? Ата-аналар бала-

ларын онлайн бақылай ала ма?

– Қауіпсіздік бізде жоғары деңгейде. Барлығы 80 бейнекамера орнатылған, оның 16-сы сыртқы, қалғаны ішкі камералар. Ата-аналар онлайн көре алмайды, бірақ, егер қандай да бір алаңдатушылық туындаса, арнайы комиссия құрылып, ата-аналар келіп жазбаны көре алады. Біз үшін ашықтық пен баланың қауіпсіздігі өте маңызды.

– Ас мәзірінің сапасы мен балалардың денсаулығы қалай қадағаланады?

– Тамақтану институты облыстық деңгейде барлық балабақшаға ортақ мәзір бекітіп берген. Біз сол бойынша 2 апталық ас мәзірін ұсынамыз. Қазіргі таңда балабақша төлемақысы 15-17 мың теңге көлемінде болғандықтан, ас мәзірі жақсартылды, сапалы тағамдар беріледі. Ал денсаулыққа келсек, медбике күнделікті «фильтр» жасайды, баланың температурасы мен тазалығын тексереді. Логопед пен психолог мамандарымыз да ерекше балалармен де, жалпы топтармен де белсенді жұмыс істейді.

– Ғимараттың техникалық жағдайы мен болашақ жөндеу жұмыстары туралы айтып өтсеңіз?

– Иә, ғимараттың электр желілері тозуына байланысты жөндеуді талап етеді. 2023 жылы ағымдағы жөндеу жасалып, керісінше құбырлары ауыстырылған болатын. Сондай-ақ, модульдік қазандық орнатылып, балабақша іші айтарлықтай жылынды. Алдағы уақытта ішкі жөндеу мен электр желілерін реттеу жоспарда бар. Ойын алаңдарының да ескіргенін білеміз, ол бойынша смета құрылып, тиісті қаражатты күтіп отырмыз.

– Қазіргі заманғы тәрбиеші мен бала қандай болуы керек?

– Бүгінгі бала ақпаратты ойын арқылы өте тез қабылдайды. Сондықтан, біздің мамандар үнемі біліктілік арттыру курстарынан өтіп, жаңашылдыққа ұмтылуда. Тәрбиеші — бала үшін тек мұғалім емес, жаңа белестерге жол сілтейтін бағыт беруші болуы тиіс. «Балбөбек» ұжымы ертеңгі «Адал азаматтарды» тәрбиелеу үшін бар күшін салып келеді.

«Балбөбек» — бұл ертеңгі ел болашағы. Мұнда баланың тілі қазақша шығып, санасына ұлттық тәрбие ұялайды. Меңгерушінің басшылығымен атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар алдағы уақытта да өз жемісін беретініне, ал балабақша табалдырығын аттаған әр бүлдіршінің болашағы жарқын болатынына көміп сенеміз.

– Салиқалы сұхбатыңызға рақмет! Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.

Бетті әзірлеген
Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ.

Бәрекеді!

«Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ жастары Өскемен қаласында «Казцинк» компаниясының бөлімшелерінің арасында ұйымдастырылған Көңілді тапқырлар клубының финал ойынына барып жүлдемен оралды.

КТК финалы – эстрада шеңберінен шығып, сахнаны толыққанды театрлық кеңістікке айналдыратын ерекше мәдени оқиға. Бұл кеш интригаға, серпінді ырғаққа және тыңдарманды бірден баурап алатын дәл әрі уәжді әзілдерге толы болды.

Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық филармониясының көрермен залында жиналған көрермендер үшін күлкі жасанды болмады – ол сахнадан айтылған әр ойдың табиғи жалғасына айналды. «Казцинк» компаниясы бұл жолы да маңызды тақырыптарды әзіл арқылы ашық, батыл және шынайы жеткізе алатын командалардың басын қосты.

Финалға жету жолы жеңіл болған жоқ. Командалар бірнеше ай бойы іріктеу кезеңдерінен өтіп, 1/8 финал, ширек финал және жартылай финал сындарынан сүрінбей өтті. Нәтижесінде шешуші ойында ең мықты төрт команда бас қосты. Солардың қатарында Жәйрем жастарының да болуы біз үшін үлкен қуаныш болды. Залдағы атмосфераны күту мен толқу сезімі айқын дап тұрды.

Ойын форматы дәстүрлі болғанымен, мазмұны жағынан ерекшеленді. Алғашқы кезең – «Уайымсыз күн кешіп жүргенбіз, кенеттен – жұма, 13!» атауымен ұсынылған визитка. Одан кейін үш ойыншыдан аспайтын құрамда өткен «Gender party» тақырыбындағы СТЭМ. Ал финалдық байқау – музыкалық сүйемелдеумен, ән мен би элементтерімен өрілген үй тапсырмасы болды. Дәл осы бөлім командалардың жалпы нәтижесіне шешуші ықпал етті. Жәйрем намысын қорғап барған «Акцент» командасы дәл осы үшінші кезеңде қазы-

Жүлдемен оралған «Акцент»



лар алқасының ең жоғарғы ұпайларына ие болды.

Әзілдің тақырыптық ауқымы кең болды. Қатысушылар әріптестік қарым қатынасты, басшылықпен байланысты жайттарды, өндірістегі күнделікті шындықты, еңбек қауіпсіздігін, кәсіподақ қызметін, «Торпедо» хоккей клубына деген жанкүйерлік ықыласты және қалалық мәселелерді әзіл тілімен көтере білді.

Көрермендер бұл айтылған дүниелерден өз өмірінің көріністерін танып, сахнадағы ойларға бірден үн қатты. Алайда,

қойылымдар тек күлкімен шектелмей, маңызды әлеуметтік және корпоративтік құндылықтарды да қозғады. Сабақтастық, өндірістік әулеттер, компаниямен бірге қалыптасқан еңбек жолы – осының барлығы миниатюралардың мазмұнын тереңдете түсті.

Сыйлық қоры да назардан тыс қалған жоқ. Қазылар алқасы ойын барысында жүлделердің маңызын арттыра түсті. Сахнада – жоғары деңгейде дайындалған командалар, ал залда – эмоция мен шынайы тартыс сезімі үстем болды. Финалдық

кезеңде барлық командалар марапатсыз қалмады. Дегенмен, жүлделі орындар үшін бәсеке ерекше тартысты өтті.

I орынды Риддер қаласының «Запска» командасы иеленсе, II орын Өскемен қаласының «Шығыс экспресі» командасына бұйырды. Ал Жәйрем кен байыту комбинатының намысын қорғаған «Акцент» командасы III орынды қанжығалап қайтты.

Жәйремдік ұжым финалдық ойында өзін ұйымшыл, креативті әрі заманауи көзқарастағы команда ретінде көрсете білді.

Ал кәсіподақтың арнайы жүлдесі Алтай қаласының «Алтын жила» командасына табысталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімін «Казцинк» компаниясының бас директоры Жанат Жаңботин жүргізді.

Өз сөзінде ол командаларға ойын үшін алғыс білдіріп, КТК ның тек сахналық өнер ғана емес, сонымен қатар, жастарды дамытатын, бірлікке ұйыстыратын және корпоративтік рухты нығайтатын маңызды алаң екенін атап өтті.

Қатысушылар үшін бұл финал тек көпшілік алдында өнер көрсету емес, жеке тәжірибе мен кәсіби сынақтың бір бөлігіне айналды. Ал қазылар алқасының пікірінше, ойын барысынан шығармашылық еркіндік, актерлік шеберлік және шынайы энергия анық сезілді.

Осылайша, «Казцинктегі» КТК кезекті мәрте қарапайым сайыстан әлдеқайда ауқымды мәнге ие екенін көрсетті. Бұл – қызметкерлердің күнделікті өндірістік рөлінен шығып, өзін жаңа қырынан таныту мүмкіндігі. Көрермендердің ықыласына қарап, мұндай кештердің мұнда әрдайым күтілетіні анық.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Қоғам

Жаңа белестер мен даму бағыттары сараланды

Ұлытау облысында өңір журналистерінің басқосуы өтті. Жиында «Қазыналы өңір» газетінің тілшісі, әріптесіміз – Гауһар Наурызбаева ҚР Журналистер Одағының мүшелігіне қабылданды. Бұл – оның кәсіби жолындағы үлкен жетістік әрі өңірлік журналистиканың дамуына қосқан үлесі деп айтуға болады.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Кездесу барысында өңірдің ақпараттық саласын дамытуға бағытталған жаңа жоспарлар мен ұсыныстар кеңінен талқыланды. Жиынды ашқан Қазақстан Журналистер Одағы Ұлытау облысы филиалының төрағасы Эльвира Алпанбаева өңірлік журналистиканың жаңа деңгейге көтерілуі үшін қолға алынған шаралар мен алдағы жоспарлар жайлы баяндады. Эльвира Алпанбаева журналистерді кәсіби тұрғыдан қолдау бағытында ұсынылған жаңа жобаларды атап өтіп, аймақтық БАҚ-тың болашағына зор сеніммен қарау қажеттігін мәлімдеді.

Кездесуде облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бақытжан Жайлаубаев өңірдегі билік пен БАҚ арасындағы өзара байланыс мәселесіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, БАҚ-тың ақпаратты кәсіби және әділ түрде жеткізуі үшін жергілікті билік пен журналистердің



ортақ тіл табысып, тығыз ынтымақтастық орнатуы маңызды. Бақытжан Жайлаубаев журналистердің жұмысына қолдау көрсету, ақпараттық саладағы жаңашылдықты енгізу бойынша нақты жоспарлар мен қарарларды ортаға салды.

Жиын барысында, сондай-ақ, журна-

лика саласының ардагерлеріне құрмет көрсету мәселесі көтерілді. Жыл сайын дәстүрлі түрде берілетін «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағына үміткерлердің арасынан таңдау жасау мәселесі Одақ кеңесіне тапсырылды. Сондай-ақ, Камал Смайылов пен Баубек Бұлқышев

атындағы байқау ұйымдастыру жоспарланып, оның ережелері мен сыйақы мөлшерлері нақтыланды. Бұл шаралар өңірдегі журналистика саласының дамуына қосымша серпін береді.

Кездесу барысында Журналистер Одағы жаңа мүшелермен толықты. Олардың қатарында өңіріміздің танымал журналистері – Гауһар Наурызбаева, Максим Даренский және Нұрбол Үздікбаев бар. Олардың қосылуы – өңірлік журналистиканың алға жылжуына маңызды қадам болып табылады. Жаңа мүшелердің тәжірибесі мен жаңашылдығы, кәсіби біліктілігі өңірдегі ақпараттық ахуалды жақсартуға ықпал ететін болады.

Басқосуда журналистер өздерінің көкейіндегі сұрақтарды қойып, ұсыныстарын ортаға салды. Бұл жиынның нәтижесінде өңірлік БАҚ-тың сапасын арттыру, журналистердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында бірқатар нақты қадамдар жоспарланды. Әсіресе, аймақтық ақпараттық кеңістікті кеңейту және қоғаммен байланыс жасауға баса назар аударылды.

Сайып келгенде, бұл кездесу өңірлік журналистика үшін маңызды оқиға болды. Журналистердің кәсіби деңгейін арттыру, олардың еңбегін бағалау, жаңа жобалар мен бастамаларды қолдау жөніндегі ұсыныстар өңіріміздің медиа саласының болашағына сенім ұялатады. Сәйкесінше, журналистердің өзара ынтымақтастығы, біліктілігін арттыруы және сапалы ақпарат таратуы одан әрі күшейе түседі.

Имандылық иірімдері



Хадис іліміне құштар жастар сынға түсті

Қаражал қалалық мешітінде жастардың діни сауатын арттыруға бағытталған тағылымды шара өтті. Оқу-ағарту жұмыстары аясында ұйымдастырылған хадис ілімінен білім сайысы шәкірттердің рухани ізденісін шыңдап, олардың білім деңгейін саралауға мүмкіндік берді.

Мәлдір ХАМИТҚЫЗЫ

Сайысқа мешіттің белсенді шәкірттері қатысып, өзара бақ сынасты. Қатысушыларға хадистерді жатқа айту, олардың мағынасын терең түсіндіру, сондай-ақ, шарихи білімдерін көрсету секілді талаптар қойылды. Әрбір үміткер үлкен жауапкершілік танытып, тыңғылықты дайындықпен келгенін байқатты. Жарыс барысында шәкірттердің білімге деген ынтығасы мен ізденісі ерекше көзге түсті.

Қазылар алқасы қатысушылардың білімін жан-жақты бағалап, үздіктерді анықтады. Нәтижесінде жүлделі орын иегерлері белгілі болды. I орын мен 25 мың теңгелік ақшалай сертификатты Құрмет Ибрахимұлы иеленсе, II орын мен 15 мың

теңгелік ақшалай сертификат Нұрдаулет Науқеновке бұйырды. Ал III орын мен 10 мыңдық ақшалай сертификатты Мағжан Айтбек қанжығасына байлады.

Бұдан бөлек, сайысқа қатысқан барлық шәкірттер назардан тыс қалмай, ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Бұл олардың білімге деген құштарлығын арттырып, алдағы уақытта да діни ілімді терең меңгеруге жігер беретіні анық.

Аталған шара – жас буынның рухани тәрбиесін нығайтуға, хадис іліміне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Осындай игі істер арқылы қоғамда білімді, иманды өрі саналы ұрпақ қалыптасатыны сөзсіз.

Здоровье нации

Помощь – рядом

Обязательное социальное медицинское страхование приближает качественную медицину.

Теперь высокотехнологичное лечение сосудов доступно и жителя области Ытытау. А именно – в операционных Жезказганского медицинского центра.

Так, с начала 2026 года в центре внедрены современные методы, ранее доступные только в крупных городах. Таким образом, жители региона, в том числе каражалцы и жайремцы, могут получать сложные, но при этом бесплатные операции, рядом с домом. Это – пациенты с варикозом, варикоцеле, миомой матки, аденомой простаты и диабетической стопой.

В числе новых процедур:

- лечение атеросклероза артерий нижних конечностей и сонных артерий;
- лазерная коррекция варикоза ног;
- эндоваскулярная эмболизация сосудов тазовых органов.

Эти методы минимально инвазивны, что сокращает время восстановления и снижает риски послеоперационных осложнений.

Буквально на днях под руководством специально приглашенного эндоваскулярного хирурга Евгения Муна всего за два дня были проведены операции для 21 жителя области.

Важно, что внедрение новых технологий существенно экономит время и средства, позволяя быстрее получать необходимую ме-

дицинскую помощь.

Развитие специализированной помощи осуществляется за счет финансирования Фонда социального медицинского страхования. В 2026 году объем договора с центром составил порядка 1,1 миллиарда тенге. Это на 54 миллиона тенге больше, чем в прошлом году.

- Рост финансирования напрямую связан с увеличением спроса на эти услуги в регионе. Дополнительные средства позволяют внедрять современные технологии, расширять доступ к сложным процедурам и повышать качество обслуживания, - отметили в филиале Фонда.

Жезказганский медицинский центр стал примером того, как система ОСМС делает современную медицинскую помощь доступной каждому жителю. Новые технологии, квалифицированные специалисты и увеличенное финансирование создают условия, при которых жители могут получить качественное лечение быстро, удобно и безопасно.

Диана ОРАЗАЛИНА,
руководитель отдела
по информированию населения
и рассмотрению обращений филиала
по области Ытытау НАО «ФСМС».



ТЖ ескертеді!

Балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермейік!

Терезеден құлап кету – балалардың жарақаттануы мен қаза болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады, әсіресе, үлкен қалаларда. Жаратылысынан бәрін білуге құштар балалар ашық терезеден құлап кетуге бейім.

Балалардың терезеден құлап кету қаупінің алдын алу үшін келесі ережелерді сақтау керек:

- пәтердегі терезелерді ашу және үй-жайды желдетер кезде, баланың қараусыз қалмағанына көз жеткізіңіз;

- мүмкіндігінше, терезелерді (желдеткіштерді) төменнен емес, жоғарыдан ашыңыз;

- бала терезені өз бетінше



аша алмайтындай етіп терезелерге блокираторлар (арнайы бекіткіштер) орнатыңыз;

- баланың балконға ересек-

тердің қарауынсыз шығуына жол бермеңіз;

- ұйықтап жатқан баланы ешқашан пәтерде жалғыз қалдырмаңыз.

Бала оянып, ашық терезенің тақтайшасына шығып кетуі мүмкін;

- төсекте қоса алғанда, барлық жиһаздарды терезе алдынан жылжытыңыз. Бұл баланың терезе алдындағы тақтайшасына кездейсоқ шығуына жол бермейді;

- балаға терезе қалай ашылатынын көрсетпеңіз. Терезені өз бетінше ашуды қаншалықты кеш үйренсе, оның пәтерде болуы соғұрлым қауіпсіз болады;

- балаға терезеден немесе балконнан көшеге қарау үшін орындықты немесе басқа құрылғыны аяғының астына қоюды үйретпеңіз. Кейіннен осылай әрекет ете отырып, сыртқа қарау нәтижесінде терезеден (балконнан) құлап кетуі мүмкін.

Москит торлары көп қауіп төндірді:

- бала алда қандай да бір кедергіні көреді, оған сенімді сүйенеді, нәтижесінде ең кішкентай бір жасар баланың салмағына арналмаған тормен бірге құлап кетуі мүмкін; - егер 5-7 жастағы бала пәтерде жалғыз қалудан қорқатын болса, оны тіпті, аз мерзімге де жалғыз қалдырмаңыз. Көбінесе балалар қорқыныш сезініп, ата-аналарын көру үшін терезеден немесе балконнан қарайды, нәтижесінде бала құлап кетуі мүмкін.

Балалардың қауіпсіздігін және денсаулығын бірге сақтайық!

Ануар ЕРҒАЗИЕВ,
Қаражал қаласы ТЖ бөлімінің
аға анықтаушысы

12 сәуір – Қазақ ғалымдары күні



Қаныш және Қаражал өңірі

1899 жылы 12 сәуірде ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев дүниеге келді. Осы күнге сәйкес Ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған қазақ күнтізбесінде Қазақ ғалымдарының күні аталып өтіледі.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Осыдан тура бір ғасыр бұрын, яғни, 1926 жылы Томск технологиялық институтын аяқтап, тау-кен инженер-геологы дипломын иеленген қазақтың алғашқы азаматы – Қаныш Сәтбаев халық шаруашылығы Орталық кеңсенең қарамағына жіберіледі. Сол жылы болашақ академик Қызылордадан Жосалы станциясына келіп, Қарсақбайға жүк тасымалдаушыларға ілесіп жол тартады. Қарсақбайға барамын деген жас инженерді сол керуеннің басшысы менсінбей:

– Біздің Қарсақбайға жылына бір геолог, бір ғалым келеді, көп болса соның бірі шығарсың. Менің үйімде, төрде былтыр келген инженердің қалпағы әлі ілулі тұр. Ол қалпағына да қарамай кетіп қалған, сенде кетіп қаларсың, – депті.

Бірақ, ол кісі Қаныш Сәтбаевтың әлемдегі ең ірі мыс кен орны Жезқазғанда екенін дәлелдеу үшін аттай 15 жылын сол жерде өткізетінін білген жоқ еді. Жезқазған мыс комбинатының дүниеге келуі, ондағы мол байлықтың игерілуі Қаныш Сәтбаев есімімен тікелей байланысты. Оның еңбек жолы да осы жерден басталған.

Жалғыз Жезқазған өңірі ғана емес, Қаражалдың да қойнауында бай қазына бары сол XX ғасырдың бас кезінде белгілі болған. Бірақ, бұл кеннің кешенді түрде игерілуіне ғалым Қаныш Имантайұлы тікелей ықпал еткені тарихтан белгілі. 1947 жылы Қарағандыда өткен КСРО және ҚазКСР Ғылым академияларының бірлескен көшпелі мәжілісінде темір, марганецке бай кен орнын игеру туралы нақты сөз болады. Соның нәтижесінде Қаражал кені игеріліп, ел игілігіне жұмсалуда.

Ал, мына бір әңгімеден Жәйрем кен-байыту комбинатының өмірге келуіне де Қаныш Сәтбаев тікелей себепкер болғанын аңғару

қиын емес. ҚазССР ғылым Академиясының көшпелі сессиясын өткізуге Жезқазғанға бара жатқан сапарында Қаныш Имантайұлы Жәйрем арқылы жүрсе керек. Жол бойы қырқаларға тоқтап, жердің қыртысын бағдарлап, шөптерін жұлып алып, алақанына салып ұқалап көреді екен.

Бір кезде Жәйрем кен барлау экспедициясының бас геологы Анатолий Рожновқа: «Рожнов жолдас, мына жерге шыққан өсімдіктердің астында «Марганец» рудасы болу керек. «Марганец» рудасының бетінде осындай селеу шөптер өседі, осы жерге бұрғылау станогын орнатып, рудасын маған жіберіңіздер!» дейді. Міне, сөйтіп Қаныш Имантайұлы Жәйремдегі марганец кенін ашып кеткен екен.


Ұлыбританияның премьер-министрі Уинстон Черчилль кезінде Қаныш Сәтбаевқа: «Совет Одағындағы №1 геолог» деп баға берген. Совет Одағын басқарған Никита Хрущевтің өзі Сәтбаевтың білімділігін мойындаған. Хрущевтің Сәтбаевпен кездесуіне ықпал еткен де сол – Уинстон Черчилль. Совет Одағына келіп Хрущевпен сөйлескенде: «Сіздің аз ұлттарыңыздың ішінде бір ұлы ғалым жүр, білесіз бе?» – деп сұрайды. Хрущев армян, грузин сияқты басқа ұлттарды айтады. Ана кісі: «Жоқ, білмедіңіз, сіздер өздеріңіздің ұлы ғалымдарыңызды танымайды екенсіздер. Ол – Қаныш Сәтбаев деген қазақ», – дейді.

Содан Никита Хрущев Черчилльді шығарып салысымен Алматыға келіп, Ғылым академиясында, Геология институтында болып, Қаныш Имантайұлының еңбектерімен танысады. Сонда ол, «Сәтбаев бір ғана Қазақстанның емес, бүкіл Совет Одағының жерінің астында қай жерде қандай байлық жатқанын алақанындағыдай біліп отыр ғой», – деп таң қалған екен.

Спорт

Қазақ күресінің даңқты жолы

Биыл қазақ тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан, қазақ күресінің дамуына елеулі үлес қосқан Қажымұқан Мұңайтпасұлының дүниеге келгеніне 155 жыл толып отыр. Бұл дата қазақ балуандығының ұлы тұлғасы, әлемге әйгілі спортшының есімін қайта еске салып, оның атқарған еңбектерін ұлықтауға себеп болуда.



Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1871 жылы Ақмола облысының Жадық (Қараөткел) ауылында дүниеге келген. Ол қазақ күресінің дамуына алғашқылардың бірі болып қолдау көрсетіп, өз шеберлігі мен батырлығын әлемдік аренада танытты. Әлемнің 54 елінде бақ сынап, ауыр салмақты күрес түрлерінен 48 медаль мен награда жеңіп алған Қажымұқан әлемдік спорт алаңында қазақ күресінің беделін көтерген тұңғыш балуан болды.

Қажымұқан әртүрлі күрес түрлерінен жоғары шеберлігін көрсетіп, сол кезде танымал болған көптеген әлемдік балуандармен күрес алаңына шықты. Оның есімі тарихи күрес алаңдарында Иван Шемякин, Иван Поддубный, Алекс Аберг, Пол Понс, Джордж Лурих сынды әйгілі атлеттермен бірге аталады. Әлемдік күрес алаңында күресіп, өзіне деген сенімділікті арттырып, күрестің барлық түрлерінде жеңіске жетті. Сонымен қатар, Қажымұқан Петербург күрес мектебінде классикалық күрес өнерін меңгеріп, шеберлігін шыңдады. Ол алғаш рет 1908 жылы Кельнде әлем чемпионы атанды, кейінгі жылдары бұл атақты бірнеше рет қорғап шықты.

Қажымұқанның танымалдығы 1909 жылы Ригада өткен әлем чемпионатының жеңісінен кейін арта түсті. 1910 жылы Варшавада өткен халықаралық чемпионатта кіші алтын медальді жеңіп алып, 1914 жылы Парижде әлем чемпионы атанды. Ол өз карьерасында көптеген жеңістерге жетіп, атақты «Қажы» деген есімді иеленді. Бұл атақты ол Стамбул-

дағы түрік балуанын жеңгені үшін алған болатын.

Қажымұқанның халықаралық күрестегі жетістіктері тек қазақ балуандарына ғана емес, жалпы бүкіл әлем спортшыларына үлгі болды. Оның жапондық және қытайлық джиу-джицу балуандарымен күресі де тарихта ерекше орын алады. Қажымұқанның әлемге әйгілі болуына оның өнері мен төзімділігі, жанкештілігі және ұлттық күрес түрін насихаттауға қосқан үлесі себеп болды.

Бүгінде Қажымұқан Мұңайтпасұлының мұрасы Қазақстанда және әлемде құрметпен аталып өтуде. Оның жолын қуған қазақ балуандары мен спортшылар саны аз емес. Қаражал өңірінде де қазақ күресі мен дзюдо күресі қарқынды дамып келеді. Қаражал спорт мектебінің түлектері облыстық және республикалық жарыстарда өздерінің таланты мен шеберліктерін танытып қана қоймай, Азия және әлем чемпионаттарында топ жарып жүр.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының күреске қосқан үлесі, оның шеберлігі мен даңқы өңіріміздің спортшылары үшін үлкен ынталандыру болып табылады. Қазіргі таңда Қаражал өңірінің балуандары оның ізін қуып, қазақ күресін әлемге таныту мақсатында аянбай еңбек етуде. Қазақтың ұлттық күрес өнері, Қажымұқанның арқасында, өзінің жарқын болашағына жол ашты.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX AO «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 13

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.